

Темір ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 3 ақпандағы № 27 "Темір ауданының мемлекеттік жалдау үйлерінде жалдау ақысының мөлшерін белгілеу туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы

Күшін жойған

Ақтөбе облысы Темір ауданының әкімдігінің 2014 жылғы 16 шілдедегі № 193 қаулысы. Ақтөбе облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 29 шілдеде № 3976 болып тіркелді. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық әкімдігінің 2020 жылғы 17 маусымдағы № 119 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Ақтөбе облысы Темір аудандық әкімдігінің 17.06.2020 № 119 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына сәйкес Темір ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Темір ауданы әкімдігінің 2014 жылғы 3 ақпандағы № 27 "Темір ауданының мемлекеттік жалдау үйлерінде жалдау ақысының мөлшерін белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 3788 тіркелген, 2014 жылы 14 наурызда "Темір" аудандық газетінің № 13-14 жарияланған) қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулының кіріспесі мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 16 сәуірдегі № 94 "Тұрғын үй қатынастары туралы" Заңының 97 бабының 1 тармағына, Қазақстан Республикасының құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері агенттігі төрағасының 2011 жылғы 26 тамыздағы № 306 "Мемлекеттік тұрғын үй қорындағы тұрғын үйді пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" бұйрығына сәйкес Темір ауданы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Б.Ізбасовқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК